

Ауылшаруашылық кооперативтерін құрудың негізгі мақсаты - ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және сату, сондықтан кооператив басшылығының алдында жеке шаруа қожалықтарын қажетті ресурстармен (жем, жанар-жағармай) қамтамасыз ету және табысты ұйымдастыру міндеті тұр өндірілген өнімді сату. Кооператив сонымен қатар кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алады - бөлшек сауданы ұйымдастырады, халықты өндірістік қызметтермен, көлік қызметтерімен қамтамасыз етеді [5]. Сонымен, зерттеу нәтижелері бойынша келесідей қорытындылар жасауға болады: агроөнеркәсіптік кешеннің мемлекеттік әкімшілігінің қызметі саланың дағдарыстан шығуына кедергі болатын проблемаларды жоюға, сондай-ақ тұрақтылықты ілгерілетуге бағытталуы керек. оның түзілімдерінің жұмыс істеуі. Мемлекеттік органдар басқарудың, экономикалық және әлеуметтік дамудың, агроөнеркәсіптік кешеннің тиімді жұмыс жасауының, атап айтқанда, жеке үй телімдерін одан әрі дамытудың мақсатты бағдарламаларын үйлестіру мен іске асырудың интеграцияланған жүйесін құруы қажет. өндірістік тиімділікті арттыруға бағытталған, оның ішінде кооперация мен ауыл шаруашылығының әртүрлі формаларын интеграциялауға бағытталған ұйымдастырушылық-экономикалық шаралар кешені. Осы мәселелерді шешу үшін агроөнеркәсіптік кешенді басқару жүйесі ресурстармен қамтамасыз ету, экономикалық жағдайларды жақсарту, маркетинг, инновациялық қолдау сияқты функцияларды тиімді орындауды қамтамасыз етуі керек.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Кайгородцев, А. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету факторы ретінде агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу // Транзиттік экономика. –2006. - № 1. - С. 20-23.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан халқына жолдау. – 2017, қаңтар 17 // [Электронды ресурс]: <https://primeminister.kz/>. 10.05.2021.
3. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығы
4. Бехнке, И.Ю. Қазақстандағы азық-түлік қауіпсіздігінің дағдарысқа қарсы тұрақты дамуының мәселелері мен болашағы // Аль-Пари, - 2011. - 1 (65). - S. 47-52.
5. Есполов, Т.И., Куватов, Р.Ю., Керимова, У.К. Сыртқы нарықтармен интеграция жағдайында Қазақстан ауылшаруашылығының тиімділігін арттыру. // - Алматы: ҚазҰАУ жанындағы АӨК ғылыми-кеңес беру институты, 2004 ж.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы эффективного управления экономикой. Отношение к методам управления резко изменилось с переходом к рыночным отношениям. В случае изменения формы собственности и условий ведения бизнеса первоочередной задачей является удовлетворение потребностей и требований потребителей, знание их приоритетов и адаптация к требованиям рынка.

RESUME

The article deals with the issues of effective economic management. The attitude towards management methods has changed dramatically with the transition to market relations. In the event of a change in the form of ownership and the conditions for doing business, the primary task is to meet the needs and requirements of consumers, to know their priorities and to adapt to market requirements.

ӘОЖ 323 (574)

Зинаденов Ұ.Г., ЭС-11

Муталова Д.С., аға оқыпшы, магистр

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ ТАРИХЫ

Аннотация

Мақалада Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қалыптасуы және даму тарихы қарастырылады. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының қалыптасуының негізгі кезендері ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: білім беру жүйесі, институт, университет, ауыл шаруашылығы, техникалық

Экономиканың дамуындағы жаңа стратегиялық бағыттар, қоғамның ашықтығы, оның тез ақпараттандырылуы мен динамикалық дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Қазақстан Республикасының білім беру саласын 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы және Білім туралы заңы өзгермелі әлемнің түйткілдеріне жауап беріп, білім берудің ұлттық жүйесін, соның ішінде жоғары білімді инновациялық реформалаудың стратегиясын айқындап берді.

Қазіргі өндіріс жоғарғы оқу орнын бітірушіден қомақты теориялық дайындықты ғана емес, сондай-ақ еңбек нарығы мен технологиялардың үздіксіз өзгерісті жағдайында тез, әрі икемді бейімділікті, көшбасшылықты, сараптамалық және ұтқыр ойлауды, өзін еркін көрсете білуін және топта жұмыс жасай алуын талап етеді. Сол сияқты әлемнің көптеген дамыған елдерінде инновациялық экономикаға қызмет ететін, материалдық өндірістің барлық саласында «техника және технология әлемін» жасаушы мамандар даярлайтын техникалық және технологиялық бағыттағы жоғарғы оқу орындарына ерекше талаптар қойылады. Осыған орай өңірлік индустриалды-инновациялық және кешенді азық-түлік бағдарламалары шеңберінде машина жасау, мұнай-газ секторы, азық-түлік өндірісі және ауыл шаруашылығы бағыттарында салалық кластерлерін құру мен дамытуда аймақтық инновациялық экономика үшін аграрлық-техникалық мамандарды сапалы даярлауда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің алатын орны ерекше.

Алғашқы құрылғанда «Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты» аталған жоғары оқу орнының ашылуына басты себеп - Батыс Қазақстан облыстарында шаруашылықты қазіргі заман талабына сай басқаратын басшы кадрлар мен мамандардың жетіспеуі еді.

XX ғасырдың 50-60-ыншы жылдарында Қазақстанның кең-байтақ даласындағы тың және тыңайған жерлер игерілгеннен кейін еліміздің ауыл шаруашылығы өндірісі қарқындап дами бастады. Міне, осы кезде республикамыздың батысында жатқан бес облыстың ұлан-ғайыр даласында ауыл шаруашылық өндірісін тиімді ұйымдастыру қажеттілігі туындады. Ауыл шаруашылығына қажетті жоғары білімді мамандар даярлау мен саланы әрі қарай ғылыми тұрғыдан дамыту міндеті кезек күттірмес өзекті мәселеге айналды. Орал облысы бойынша бұл кезеңде жоғары ауыл шаруашылық білімі бар басшылармен және мамандармен қамтылу қажеттілігі 30%-ды ғана қанағаттандырса, ал Қазақстанның батысындағы басқа облыстарда бұл көрсеткіш 15-20% құрады. Бұл мәселені Одақтың басқа республикаларынан мамандар шақыру арқылы шешу көптеген қиындықтар келтірді. Шақырылғандардың көпшілігі өңірдің ауыл шаруашылығын жүргізу ерекшеліктерімен таныс болмай шықты және көп жағдайда тұрақтап қалуды көздемеді. Сондықтан еліміздің басшылығымен Орал қаласында салалық ауыл шаруашылық институтын ашу жөнінде стратегиялық дұрыс шешім қабылданды. Сөйтіп, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1963 жылдың 19 шілдесіндегі №571 қаулысымен және Қазақ ССР Ауыл шаруашылық министрлігінің 1963 жылдың 9 тамызындағы №304-К бұйрығымен Орал қаласында ауылшаруашылық институты ашылды. Осы министрліктің бұйрығымен институт ректоры болып Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, ВАСХНИЛ-дің корреспондент мүшесі, II дәрежелі Ұлы Отан соғысы және «Қызыл Жұлдыз» ордендерінің кавалері Дзержинский Александр Яковлевич сайланды.

Әрине, Орал қаласында осындай экономикалық қажеттілігі жоғары оқу орнын ашу оңайға түскен жоқ. Өйткені сол кездегі шағын, экономикалық әлеуеті әлсіз Орал қаласының аса мықты «қарсыласы» Ақтөбе жоғары оқу орнын ашуға даяр тұрды. Сол өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында ауыл шаруашылығының қарыштап дамуына байланысты одақтық және республикалық басшылық Қазақстанның батысынан арнаулы институт ашу жөнінде біріккен шешім қабылданғанда, алғашқы үміткер Ақтөбе қаласы болатын. Жаңа құрылған өлкенің орталығында құрылыс қызу жүріп жатты. Сондықтан көршінің мүмкіндіктері мол еді. Сол кездегі Қазақ ҚСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Дінмұхамед Қонаевтың анық та бұлтартпас дәлелдері арқасында Кеңес үкіметінің басшылары аталмыш институтты Орал қаласында ашуға шешім қабылдады. [1] Жаңа жоғары оқу орнына ғимараттар таңдау, кадрлар даярлау және басқа көптеген жұмыстарды атқару сол кездегі Орал облыстық партия комитетінің идеология хатшысы, ұйымдастыру комиссиясының төрағасы Бисен Жұмағалиевке жүктелді. Ал негіздің негізі - жаңа білім ордасына орын таңдау. Облыс басшыларының ұйымдастыруымен, институт уақытша ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумына орналастырылып, аталмыш арнаулы орта оқу орны Бөрлі ауданына көшірілген. Алғашқы жылдары институттың әкімшілік және оқу корпусы бүгінгі облыстық тарихи-өлкетану мұражайының ғимаратында жұмыс жасады. Ал негізгі оқу корпусы бүгінгі Ж.Досмұхамедов

атындағы педколледждің ғимаратында орналасты. Әрине жоғарыда атап өткен алғашқы ректор А.Держинскийдің қомақты үлесін айтпай кетуге болмайды. Білікті басшы, тәжірибелі маман, шебер ұйымдастырушы ретінде жаңадан құрылған Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтына басшылық ету ұсынылған кезде, Александр Яковлевичтің алдында жаңа институт қызметін жолға қою секілді үлкен міндет тұрған еді. Әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі проректоры Кульпин Павел Ивановичпен, кадрларды іріктеу және есеп бөлімін ұйымдастыру жұмысына басшылық жасаған бас бухгалтер Тен Сенчер Кириновичпен бірлесе отырып, оқу және қосалқы ғимараттарды даярлау, талапкерлерді қабылдау, кафедраларды ұйымдастыру, оқытушылар, әкімшілік, оқу және қосалқы қызмет көрсететін құрамды таңдау бойынша кең көлемді ұйымдастыру және әкімшілік жұмыстарын жүзеге асырды. [2]

Қазақ ССР АШМ-нің 1963 жылдың 10 тамызындағы №305-К бұйрығымен 1963 жылдың 10 тамызында бухгалтерия құрылды. Институт бойынша алғашқы бұйрықтардың бірі болып-қабылдау комиссиясының құрамы бекітілді. Оның құрамына- Е.К.Ғиззатов (жауапты хатшы), А.У.Өтегенов, О.И.Савенкова, Э.Г.Ғаббасов, К.Е.Чебаков, М.В.Родина, Ю.М.Артемьев, Х.К.Кенжегулов енді. Институт тарихында алғашқы рет 1963- 1964 оқу жылына 1 курс студенттерін оқуға қабылдау жұмыстары басталып кетті. Институттың 3 факультетіне (ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне 100, ветеринария факультетіне 100, агроэкономикалық факультетіне 100 студент) барлығы 300 студент қабылдау жоспарланды. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтына 1 курсқа студенттер қабылданатындығы туралы Республикалық, облыстық баспасөз беттерінде жарияланып, радиодан хабарланды. 1963 жылдың 5 қыркүйегінде оқуға тапсыруға арыз бергендердің саны 613-ке жетті, оның ішінде ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне - 241, ветеринария факультетіне- 195, агроэкономикалық факультетіне - 177. Талапкерлердің көпшілігі Орал, Ақтөбе, Гурьев облыстарынан келгендер еді. Олардың қатарына Республиканың басқа институттарында қабылдау емтихандарын тапсырып келген 147 талапкерлер қосылды, сөйтіп институт бойынша талапкерлердің саны 760 адамға жетті. Қабылдау емтихандары 5-12 қыркүйек аралығында өтті. Қабылдау емтихандарының қорытындысы бойынша, ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетіне- 102, ветеринария факультетіне - 100, агроэкономикалық факультетіне -100 студент қабылданды. Алғашқы студенттердің басым көпшілігі ұжымшар, кеңшарлардың мамандары, ауыл шаруашылығы өндірісінде тәжірибе алғандар еді. Оқуға қабылданған 302 студенттің 50 пайызы 5 жылдан астам еңбек өтілі бар, ал 17 пайызы 2-5 жыл еңбек өтілі бар ауыл шаруашылығында тәжірибе алғандар болды.

Қысқа мерзім ішінде жоғары оқу орнының қарқынды дамуын қамтамасыз еткен берік ұжымның іргесі қаланды. 1963 жылдың қыркүйек айының басында құрамында 30 оқытушы, оның ішінде төрт ғылым кандидаты бар 11 кафедра ұйымдастырылды.[3] Жоғарыда аталып кеткендей, алғашқы құрылған 11 кафедраның 30-ға жуық профессор-оқытушыларының тек төртеуінің ғана ғылым кандидаты деген атақтары болды. Кейінгі жылдары оқу орнын үздік бітірген, ғылыми ізденіске икемді жастарды аспирантураға жіберу, сырттан жоғары білімді мамандарды шақырудың нәтижесінде ХХ ғасырдың 70-жылдарының басында профессор-оқытушы құрамының ғылыми атағы барлардың саны 25 пайызды, 1996 жылы 39 пайызды құраса, бүгінгі таңда бұл көрсеткіш 45 пайызға жетіп отыр. [6]

1964 жылы өндірістен қол үзбей оқитын студенттерді оқытуға арналған сырттай бөлім құрылып, 1 курсқа төмендегідей мамандықтар бойынша 380 студент қабылданды. Ауыл шаруашылығын механикаландыру- 157, экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру - 130, ветеринария - 93. [2]

1964 жылдың мамырында В.К.Иконниковты КСРО Ауылшаруашылығы министрлігі Батыс Қазақстан ауылшаруашық институтының ректоры етіп тағайындады. Институттың қалыптасу, өсу барысында ол оқытушы-профессорлар құрамын жетілдіре отырып, оқу корпусы, студенттік жатақханалар құрылысын қолға алды. Сонымен бірге агрономия саласында дәрістер оқып, ауылшаруашылық ілімін насихаттады, облыс және қала ауқымында қоғамдық қызметті тиімді жүргізіп отырды. [5]

Институттың профессор – оқытушылар құрамын жасақтау жұмыстары одан әрі жүргізіліп жатты. 1965 жылы қазан айында 4 факультет және 21 кафедра жасақталды. Институтты кадрлармен қамтамасыз етуде Орал педагогика институты мен Ресей Федерациясының көрші облыстарының жоғары оқу орындары көп көмек көрсетті.

Жыл сайын студенттердің саны 300-ге, сырттай бөлім студенттері 350 адамға, ал оқытушылар штаты 30-35 бірлікке ұлғайып отырды. 1968 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметке сәйкес, институттың күндізгі бөлімінде 1378 студент, сырттай оқу бөлімінде 1633 студент оқыды, 147 оқытушы жұмыс істеді. 125 оқу пәні бойынша сабақ жүргізілді.

1968 жылы мамандардың алғашқы түлектер легі шығарылып, өңірдің ауылшаруашылық саласы жоғары білімді 226 жас кадрмен толықты. [6]

Студенттер санының жыл сайын көбеюімен байланысты, қалалық әкімшілік бөлген жеке оқу ғимараттарында оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіншілік болмады. Жаңа оқу корпустарын салу кезек күттірмес өзекті мәселеге айналды. Студенттер қалашығы құрылысының жобалау-іздістелу жұмыстары 1964 жылы басталып кеткен болатын. 1967 жылдың күзінде Зачаганск ауылында Харьков АШИ студенттер кешенінің жобасының негізінде ірі типтік жобадағы студенттер қалашығының құрылысы басталды. Жобаның бас мердігері болып «Орынбор-Трансстрой» СМП-336 тресі таңдап алынды. 1967 жылы СМП құрылысшылары мен БҚАШИ-дің құрылыс отрядтарының студенттері үшін үй, жатақхана, асхана мен жұмысшылар қалашығы салына бастады. 1975 жылы оқу ғимараттары, жатақханалар, тұрғын үйлері және қосалқы инфрақұрылымдары (кітапхана, спортзал, кафе-асхана, ветклиника және т.б.) бар типтік жобадағы студенттер кешенінің берілді. Бұл - институт тарихындағы тағы бір маңызды оқиға болды. 1968 жылы 515 орындық №6 студенттер жатақханасы, 1969 жылы №5 жатақхана пайдалануға берілді.

Институтта оқу-әдістемелік жұмыстармен қатар, ғылыми жұмыстарға да үлкен мән берілді. 1967 жылдың мамыр айында тұңғыш рет профессор – оқытушылар құрамының бірінші конференциясы өткізілді. [2] 1970 жылдың басында 150 оқытушы, соның ішінде 57 ғылым кандидатынан ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарына 58 тақырып бекітілді. ҒЗЖ-ның жоспарына техникалық, ұйымдастыру және басқа да шешімдердің жаңа ұстанымдары бар, институттың дайындау бағыттарына сәйкес келетін кешенді, ізденіс және ынталы тақырыптар енді.

Институттың ғылыми әлеуетін нығайтуға көп көңіл бөлінді. 1968 жылдан бастап институт кафедраларында ең үздік студенттер оқытушылық қызметке қалдырылды, содан соң олар Мәскеу, Ленинград, Киев, Челябинск және т.б. қалалардағы жетекші жоғары оқу орындарының мақсатты аспирантураларына жіберілді. Нәтижесінде институттағы ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың саны жедел өсті.

1972 жылға дейін институттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары оқу ісі және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, доцент Э.Т. Сатқановқа жүктелді. Институттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары ауқымының жыл сайын артуына байланысты 1972 жылы СССР АШМ Жоғары және орта ауыл шаруашылығы білімі бас басқармасы – ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор штаттық лауазымын енгізді. Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып 1972 жылдан 1995 жылдың желтоқсан айына дейін профессор К.Г. Ахметов атқарды.

Келісім-шарт негізіндегі ҒЗЖ көлемінің өсуіне байланысты 1972 жылы институтта ғылыми-зерттеу секторы ұйымдастырылды, оны 20 жылдан астам уақыт Б.А. Лившиц басқарды.

Институт жылдар өте келе, бірте-бірте нығайып, жоғары ауыл шаруашылық білімі мен ғылымының ірі орталығына айналды. 1967-1986 жылдардағы типті оқу кешенінің құрылысы, ғылыми-зерттеу секторын құрылуы, әскери кафедра, біліктілікті жетілдіру факультеті және ветеринарлық факультеттерінің ашылуы, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базаның қалыптасуы – бұл жоғары оқу орнын қалыптастыру тарихындағы оқу орнының алғашқы жетекшілерінің, қызметкерлері мен оқытушыларының қомақты, баға жетпес үлесі. ҚР Үкіметі Кабинет министрінің 1996 жылы 7 мамырдағы №573 қаулысымен институтының аймақтағы әлеуметтік-экономикалық, кадр және материалдық базасын нығайтудағы маман кадрлардың ролін бағалап, ауылшаруашылық институты Батыс Қазақстан аграрлық университеті (БҚАУ) болып қайта құрылды.

2000 жылдың 14 ақпанында ҚР Үкіметінің №236 қаулысымен Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің құрамына кірді. 2002 жылдың 5 қарашасындағы ҚР Үкіметінің №1172 қаулысымен БҚМУ-дың құрамынан бөлініп шығып, Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті болып аталды (БҚАТУ). 2003 жылы мамыр айында ҚР Үкіметінің №497 қаулысымен университетке белгілі мемлекет қайраткері, ағартушы және реформатор Жәңгір ханның есімі берілді.

Университет ұжымы өзінің даму кезеңдеріндегі өзгерістерге қарамастан кадр дайындау мен материалдық-техникалық базасын дамыту үрдісін сақтап қалуға қол жеткізді. Бұл жетістіктерге

өлшеусіз үлес қосқан ректорлар: Александр Яковлевич Дзержинский, Валентин Константинович Иконников, Борис Петрович Шах, Николай Васильевич Шрамко, Сергей Шұғайұлы Жұбаев, Қазыбай Қараұлы Бозымовтың еңбектерін айтпасқа болмайды. Олар оқу орнының материалдық-техникалық базасын құруға және дамытуға аянбай еңбек етті. Алғашқы кезеңде аудиторияның, оқу құралдары мен әдебиеттердің жетіспегенін жасыруға болмас. Студенттер екі кезеңде оқып, үзіліс кезінде бір ғимараттан екіншісіне көшіп жүрген уақыттар болды. Осыған қарамастан ұйымдастыру кезеңіндегі қиыншылықтарды жеңіп, оқу орны алға қойған міндеттерді абыроймен орындап, университеттің материалдық-техникалық базасын қазіргі талаптарға толықтай жауап беретін дәрежеге жеткізді.

Бүгінгі таңда Жәңгір хан атындағы БҚАТУ еліміздегі алдыңғы қатарлы және аймақтағы мемлекеттік көпсалалы жоғары оқу орындарының бірегейі ретінде еліміздің экономикасының аграрлық және өнеркәсіптік салалары үшін басқарушылық және кәсіби кадрларды даярлаумен, біліктіліктерін арттырумен, қайта даярлаумен айналыса отырып, білім беру және ғылыми қызметтерін жүзеге асырады.

Ғылыммен және өндіріспен тығыз байланыс орнатпай жоғары технологиялы өндіріс үшін білікті мамандарды даярлау мүмкін емес. Ғылыми зерттеу жұмыстары аграрлық өндіріс технологиялары, ауылшаруашылық жануарлары мен өсімдіктерінің селекциясы және биотехнологиялары, қоршаған орта объектілерінің экологиялық мониторингі, шағын және орта бизнесті дамыту мәселелерін жетілдіру бойынша республикалық ғылыми техникалық саясат шеңберінде жүргізіледі. Университет ғалымдары тарапынан өндіріске бірқатар ғылыми жаңалықтар қосылды. Олардың ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижесінде қазақтың ақбас сиыры, көшім жылқысы, батысқазақстандық етті-жүнді қой тұқымдары асылдандырылып, егіс өнімдерін арттыру мақсатында топырақты өңдеу әдістері жетілдіріліп отыр. Университет аймақтық «Алгоритм» технопаркінің және «Мұнай-газ машина жасау» салалық кластерінің инновациялық қызметтеріне белсенді түрде араласады. «Ізденіс» ЖШС базасында бидай және көкөніс өсіру технологияларының интенсивтілік және өнімсақтаушылық мәселелері бойынша зерттеулер жүргізіледі. Қорыта келгенде, бүгінгі таңда университеттің алдында оқу орнының жуық арада бәсекеге қабілеттілігін одан әрі қамтамасыз ету және білім беру қызметтері сапасын әлемдік стандарттарға сәйкестендіру бағытында аса жауапты міндеттер тұр. Университеттің басты мақсаттарының бірі интенсивті дамып отырған аймақтық инновациялық ғылыми-білім беру кешеніне еркін еніп, еліміздің жоғарғы аграрлық-техникалық білім беру жүйесінде көшбасшылық ұстанымдарына ие болу.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана: история и современность (1963-2008 гг.) «Туран» МКТУ им. Ясауи. – Туркестан, 2008. – 16 с.
2. Бозымов Қ. Жиырма жылдағы даңғыл жол. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің тәуелсіздік жылдарындағы дамуы. Деректі-публицистикалық баян. Орал, 2011.– 14- б.
3. Бозымов Қ., Орамах Ж. Жәңгір хан – реформатор . Орал –Ақтөбе , 2011. 143-б.
4. Ихсанғали С. БҚАШИ-дан БҚАТУ-ға дейін // Орал өңірі.- 2013. - 27 қаңтар.
5. Ахметова А. Зор үлес қосты // Заңғар.- 2013. – 15 ақпан.
6. Иконников В.К. Сельскому хозяйству - высококвалифицированных специалистов // За сельскохозяйственные кадры. – 1967. –№ 10, 26 май
7. Растить высококвалифицированные, идейно убежденные кадры.(С партийного отчетно-выборного собрания института). // За сельскохозяйственные кадры. – 1968. –№34, 1 ноябрь

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается история создания и становления ЗКАТУ им. Жангир хана. Раскрыты основные этапы формирования Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института.

RESUME

The history of beginning and development of WKATU named after Zhangir khan is considered in the article. Main stages of West Kazakhstan agricultural institute formation are revealed